# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

## САПАНЫ ІШКІ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ

*Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі басшысы Е.Шахабаев*

Түркістан - 2023

**Сапаны қамсыздандырудың Ұлттық моделі**

**Q – академиялық сапаға жету**



ы қамсыздандыру жүйесі

# Сапаны сыртқы қамсыздандыру жүйесі

1. **ТӘУЕЛСІЗДІК**
2. **Сапаны қамсыздандыру саясаты мен процедуралары.**
3. **Сапаны сыртқы қамсыздандыру принциптері.**
4. **Сапаны сыртқы қамсыздандыру жүйесінің стандарттары.**
5. **Сандық және сапалық индикаторлар мен критерийлер.**
6. **Талдау. Бағалау. Сараптау.**
7. **Есептер. Аккредитациялық кеңес.**

# Сапаны қамсыздандыру жүйесін мемлекеттік бақылау

1. **РЕТТЕУ.**
2. **ҰБШ. МЖМС. Лицензиялау.**
3. **Мемлекетік бақылаудың саясаты, механизмі, ұйымдастырылуы.**
4. **Сапаны қамсыздандыру жетекшілігі.**
5. **Сыртқы қамсыздандыру агенттіктері үшін талаптар мен стандарттар.**
6. **Ұлттық Реестрлер: Реестр 1, Реестр 2, Реестр 3.**
7. **Индикаторлар және көрсеткіштер.**
8. **Профилактикалық бағалау.**

# Сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесі

1. **Академиялық репутация.**
2. **Сапа концепциясы .**
3. **Сапаны қамсыздандыру әдіснамасы.**
4. **Академиялық құндылықтар.**
5. **Сапаны қамсыздандыру принциптері.**
6. **Сандық және сапалық индикаторлар мен критерийлер.**
7. **Сапаны ішкі қамсыздандыру саясаты мен стандарттары.**
8. **Сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесінің менеджменті**

# 1. Академиялық репутация.

**Академиялық репутация – жалпы қоғам субъектілерінің әртүрлі санаттарының университет туралы, оның академиялық қасиеттеріне: жетістіктеріне, артықшылықтары мен кемшіліктеріне негізделген пікірі.**

1. **Университет түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі (жұмыс берушілер мен еңбек нарығының бағалауларыы).**
2. **Институционаалдық және бағдарламалық аккредиттеу (Аккредиттеу агенттіктерінің бағалаларуы).**
3. **Білім беруге мемлекеттік тапсырыс көлемі (Үкімет тарпынан бағалаулар)**
4. **Әртүрлі рейтингтердегі орындар (Рейтинг агенттерінің бағалаулары).**

# 2. Сапа концепциясы

**Университет түлегі бәсекеге қабілетті, табысты және еңбек нарығында сұранысқа ие болуы керек. Ол алған білімін тиімді қолдана отырып, тез өзгеретін әлеуметтік-экономикалық жағдайларға оңай және еркін бейімделе білуі керек. Ж. Делор анықтамасына сәйкес түлек "білімнің үш тірегін" игеруі керек: білім алуды үйрену, жұмыс істеуді үйрену, өмір сүруді үйрену. Сапа концепциясы университет миссиясында көрініс табады:**

***Университет Миссиясы– Терең тарихтан жарқын болашаққа!***

**Қожа Ахмет Ясауидің зияткерлік және мәдени мұрасынан шабыт алып, ой еркіндігі мен әмбебап академиялық принциптерді сақтай отырып, ұлттық рухани сана-сезімі жоғары, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінетін, ынтымақтастық пен адам құқықтарын құрметтеудің маңыздылығын түсінетін Түркі әлемінің жастарына халықаралық стандарттарға сай, бәсекеге қабілетті және сапалы білім беру арқылы түркі тілдес елдердің ынтымақтастығына үлес қосу.**

# 3. Сапаны қамсыздандыру әдіснамасы

**Процестің сапасын басқару механизмін жасаудың әдістемелік негізі ішкі және сыртқы тұтынушылардың талаптарын ескере отырып, барлық процестердің сапасын қамтамасыз ету мақсаттары негізінде әзірленген өнім сапасына қол жеткізу стратегиясы болып табылады**

**Сапаны қамтамасыз ету әдіснамасының негізгі идеясы "сапаны ұдайы жақсарту" ұғымын атқарылатын қызметтің әрбір саласына қатысты қолдану керек екендігіне негізделген, өйткені білім беру қызметінің сапасы барлық жұмыс түрлерінің сапалы орындалуының салдары болып табылады.**

**Университетте сапаны қамсыздандыруда ISO 9000 ХС негізінде қалыптасқан процестік көзқарасқа негізделген Сапа менеджменті жүйесінің әдіснамалары мен құралдары қолданылады.**

# Академиялық құндылықтар

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің 2026 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары:**

**Университеттің негізгі құндылықтары Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы мен әмбебап академиялық этиканың синтезі негізінде қалыптасады:**

**1. Серіктестік және құрмет.**
**2. Ашықтық және сенім.**
**3. Әділдік және адалдық.**
**4. Біліктілік және еңбекқорлық.**
**5. Инновация және бейімделгіштік.**

## Университет Құндылықтары:

**1. Серіктестік пен құрмет:**

**университет өз қызметінде құрылтайшы мемлекеттердің достық, теңдік пен мәдени айырмашылықтарға сүйенетін ұстанымдарын асқақ тұтады. Басты қағидатымыз – адамға, оның құқықтары мен қадір-қасиетіне құрмет. Біз бір команда болып, серіктестікте жұмыс істейміз әрі қай кезде де әріптестерімізді қолдауға әзірміз. Бір-бірімізге ізгі ниет танытамыз, жігер беріп, шабыт сыйлаймыз.**

## Университет Құндылықтары:

**2. Ашықтық пен сенім:**

**қызметімізді ашық жүргіземіз, мүдделі тараптардың бәрі де, жалпы көпшілік те бәрін еркін көре алады. Университет басшылығындағы лауазымды қызметкерлердің бәрі өз шешімдері, әрекеттері мен олардың салдарына жауап береді. Өз пікірімізді ашық айтамыз және өзгелердің пікіріне құлақ асамыз. Студенттерімізді, оқытушылар мен қызметкерлерімізді тыңдай аламыз, ести білеміз және олардың нақты қажеттерін түсінеміз. Бір-бірімізге арқа сүйеп, қоғамдық сенім мен әлеуметтік капитал қалыптастырамыз. Университет ұжымындағы барша адаммен ұзақ мерзімді сенімді қарым-қатынас қалыптастырамыз.**

## Университет Құндылықтары:

**3. Әділдік пен адалдық:**

**университетіміздің қызметкерлері мен студенттерінің бәрі әділдік қағидатын ұстанады. Университет басшылығы ешқашан қызметкерлерді кемсітуге жол бермейді және оларды меритократияға сүйеніп басқарып, еңбегін құрметтейді.**

**Білім беру және ғылыми қызмет процесінде академиялық этика, ар-ождан мен әдептің жоғары стандарттарын ұстанамыз әрі қолдаймыз.**

## Университет Құндылықтары:

**4. Біліктілік пен еңбекқорлық:**
**бүкіл ұжым мен студенттер еңбекке оң қарауға, табанды еңбек етуге және нәтижені көздеуге ұмтылады. Білім беру бағдарламаларын ертеңгі еңбек нарығындағы сұранысты болжай алатын, бәсекеге қабілетті етіп құруға ұмтыламыз, толық кешенді құжаттамадан гөрі бізге сол маңыздырақ.**

## Университет Құндылықтары:

**5. Инновация пен бейімделгіштік:**
**жаңашыл көзқарас, белсенді ұстаным, ұйымдастырудағы икемділік пен ұтқырлықты бағалаймыз. Өзгерістерге дайын болу бастапқы жоспармен әрекет еткеннен маңыздырақ. Үнемі жақсы нәтижелерге жетуге жаңа мүмкіндік іздейміз. Сонда ғана әлемді жақсарта түсетін жаңа идеяларды ойлап тауып, оларды іске асырамыз.**

# Сапаны қамсыздандыру принциптері
## ISO 9000 ХС негізінде:

**1. Тұтынушыларға бағдарлану:** Сапа менеджменті тұтынушылардың талаптарын орындауға және олардың үміттерін көтеруге ұмтылуға бағытталған.

**2. Көшбасшылық:** Ұйымның барлық деңгейіндегі басшылар қызметтің мақсаты мен бағытының бірлігін қамтамасыз етеді.

**3. Қызметкерлердің өзара іс-қимылы:** Ұйым үшін барлық қызметкерлерінің кәсіби құзыретті болуы және құндылықты құруға қатысуы өте маңызды.

**4. Процестік тәсіл:** Қызмет келісілген жүйе ретінде жұмыс істейтін өзара байланысты процестер ретінде танылып, басқарылған кезде дәйекті және болжамды нәтижелерге неғұрлым тиімді қол жеткізіледі.

**5. Жақсарту:** Табысты ұйымдардың қызметтері үнемі жақсартуға бағытталған.

**6. Фактілерге негізделген шешімдер қабылдау:** Нақты деректер мен ақпараттарды талдау мен бағалауға негізделген шешімдердің нәтижелерге қол жеткізу ықтималдығы жоғары.

**7.Қарым-қатынас менеджменті:** Тұрақты жетістікке жету үшін ұйымдар тиісті мүдделі тараптармен қарым-қатынасты басқарады.

# Сандық және сапалық индикаторлар мен критерийлер

**Университет сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесін жасауда Сапаны сыртқы қамсыздандыру жүйесін іске асыратын агенттіктер және Сапаны қамсыздандыру жүйесін мемлекеттік бақылау органдары тараптарынан бекітілген сандық және сапалық индикаторлар мен критерийлер басшылыққа алынады.**

**Сандық және сапалық индикаторлар мен критерийлер Университеттің Стратегиялық жоспарында, Академиялық саясатында, ішкі нормативтік құжаттарда нақтыланады, құрылымдық бөлімдердің, оқытушылар мен қызметкерлердің ұзақ және қысқа мерзімді жоспарларында іске асырылады.**

**Басшылық тарапынан ұзақ және қысқа мерзімді жоспарлардың орындалуын және сыртқы, ішкі тексерулер нәтижелерін талдау арқылы білім беру қызметін жақсарту шешімдерін қабылдауда сандық және сапалық индикаторлар мен критерийлер шешуші және маңызды роль атқарады.**

# Сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесінің саясаты мен стандарттары

**Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы**
**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы:**

**21. ЖЖОКБҰ-ның білім беру қызметі Академиялық саясат негізінде жүзеге асырылады, ол ISO 9000 ХС және студентке бағдарланған оқытуды іске асыруға және білім сапасын арттыруға бағытталған оқу процесін тиімді ұйымдастыру бойынша шаралар, қағидалар және рәсімдер жүйесін білдіреді.**

**22. Академиялық саясат ЖЖОКБҰ-ның алдында тұрған басымдықтар мен міндеттерді ескере отырып, білім беру саласындағы қолданыстағы заңнама негізінде әзірленеді және сақталады.**

**Академиялық саясаттың құрылымы мен бағыттарын ЖЖОКБҰ айқындайды.**

# Сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесінің саясаты мен стандарттары

**34. Білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында ЖЖОКБҰ еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG-исиджи) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін құрады және сақталуын қамтамасыз етеді...**

**Осы қағидалар негізінде және Сапа менеджменті жүйесінің ISO 9000 ХС 4-принципін (процестік тәсіл) қолданып, білім беру процесін тиімді ұйымдастыру бойынша шаралар, қағидалар және рәсімдер жүйесінің процестерін сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің процестерімен бірізділендіру арқылы екі жүйеге ортақ ішкі нормативтік құжат – Академиялық саясат жасалынды.**

# Сапаны ішкі қамсыздандыру саясаты мен стандарттары

**Европалық жоғары білім беру кеңістігінде ESG (исиджи) стандарттары:**

**1) сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат;**

**2) бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту;**

**3) студентке бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау;**

**4) білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау;**

**5) оқытушылар құрамы;**

**6) оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі;**

**7) ақпаратты басқару;**

**8) жұртшылықты хабардар ету;**

**9) тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау;**

**10) сыртқы мерзімді сапаны қамтамасыз** ету.

# Сапаны ішкі қамсыздандыру саясаты мен стандарттары

## Академиялық саясат мазмұны:

**Кіріспе**

**1. Нормативті сілтемелер**
**2. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар**
**3. Жалпы ережелер**
**4. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат**
**5. Бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту**
**6. Студентке бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау**
**7. Білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау**
**8. Кадр саясаты және оқытушылар құрамы**
**9. Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі**
**10. Ақпаратты басқару**
**11. Жұртшылыққа хабардар ету**
**12. Бағдарламалардың тұрақты мониторингі мен кезеңдік бағалануы**
**13. Сапаны кезеңдік сыртқы қамтамасыз ету**
**14. Өзгерістерді енгізу тәртібі**
**15. Сақтау және тарату**
**Қосымша**

# Сапаны ішкі қамсыздандыру саясаты мен стандарттары

**Академиялық саясат:**

**3.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Академиялық саясаты (әрі қарай – Академиялық саясат) студенттерге бағытталған оқытуды жүзеге асыруға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған білім беру қызметін жоспарлау, басқару және оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру бойынша шаралар, ережелер мен рәсімдер жүйесі болып табылады.**

**4.4.1 ЖОО еуропалық білім кеңістігіндегі (ESG) стандарттар мен жоғары білім сапасын камтамасыз ету нұсқаулығына негізделген сапаны іштей қамсыздандыру жүйесі контексінде әзірленгендіктен, Академиялық саясат университетте білім сапасын іштей қамсыздандыру жүйесін де қалыптастыратын нормативтік құжат болып табылады.**

**Біріздендірілген Академиялық саясаттың алғашқы нұсқасы 28.08.2020ж. енгізіліп, 08.01.2021ж. және 14.09.2021ж., 23.03.2022ж.,31.08.2022ж. Сенат қаулыларымен өзгерістер енгізілген.**

# Сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесінің менеджменті

**Университеттің барлық қызметін Академиялық саясат яғни Сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесі арқылы басқаруға ISO 9000 ХС принциптеріне сәйкес қойылатын талаптар:**

- **Академиялық саясатта университетте іске асырылатын барлық процестер түгел қамтылуы тиіс;**
- **Академиялық саясатта немесе оның сілтемесіндегі ішкі нормативтік құжатта әр процестің егесі, жауаптылары, іске асыру реті т. б. сипаттамалары нақты көсетілуі тиіс;**
- **Академиялық саясаттың барлық процестеріне қатысты жоспарлау, іске асыру, тұрақты мониторинг, мерзімді талдау және ұдайы жақсарту процедуралары іске асырылуы тиіс.**

**Осы талаптар іске асқан жағдайда Академилық саясат білім беру процестерін жүйелі ұйымдастырумен қатар Сапаны сыртқы қамсыздандыру жүйесінің, Сапаны қамсыздандыру жүйесін мемлекеттік бақылаудың, Сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесінің, Өкілетті кеңес тарапынан жүргізілетін Академиялық бақылаудың, Сапа менеджменті жүйесінің сыртқы және ішкі аудит талапатарын да іске асыратын ортақ құжат болады.**

# Сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесінің менеджменті

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы:

**…факультетінің (мектептің) базасында білім беру бағдарламаларының мазмұны және оларды іске асыру жағдайы бойынша, бағалау саясаты және факультеттің (мектептің) өзге де академиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайтын, білім беру бағдарламалары және (немесе) пәндер/модульдер сапасының сәйкес келуіне, академиялық адалдықты бұзу фактілерінің болуына білім алушылар арасында сауалнама ұйымдастыратын академиялық сапа жөніндегі кеңес құрылады.**

**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құрамына оқытушылар, студенттер, магистранттар, докторанттар және ЖЖОКБҰ-ның басқа академиялық қызметкерлері кіреді. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның отырысына ЖЖОКБҰ-ның әкімшілік-басқару қызметкерлерінің өкілдері қатысады.**

# Сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесінің менеджменті

**Академиялық саясат:**

**4.4.2 Университет факультеттерінің базасында Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия құрылады. Ол білім сапасын ішкі қамсыздандыру жұмыстарын ұйымдастыруға, іске асыру барысына мониторинг жүргізетін алқалық ұйым болып табылады.**

**4.4.3 Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы қызметінің бағыттары мен міндеттері Факультеттегі Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия ережесінде келтірілген.**

**4.4.6 Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның мониторинг нәтижелері факультеттің Оқу-әдістемелік комитетінде талқыланып, басқару шешімдері қабылданады.**

# Сандық және сапалық индикаторлар мен критерийлер

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 116 бірлескен бұйрығы,

**6 – өлшемшарт:**

| | | |
|---|---|---|
| **6** | Білім беру ұйымының Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG – исиджи) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету | **елеулі** |

| | |
|---|---|
| | **Академиялық саясат аясындағы процесстер** |
| **4.**<br>**4.1** | **Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат**<br>**Университеттің сапа саласындағы саясаты** |
| **4.2** | **Университеттің сапа саласындағы мақсаттары** |
| **4.3** | **Университеттің жоспарлау жүйесі** |
| **4.3.1** | **Жылдық жоспарлау** |
| **4.3.2** | **Индикативтік жоспарлау** |
| **4.4**<br>**5.**<br>**5.1**<br>**5.2**<br>**5.3**<br>**5.4** | **Білім сапасын іштей қамсыздандыру жүйесі**<br>**Білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен бекіту**<br>**Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту**<br>**Оқу жұмыс жоспарын әзірлеу мен бекіту**<br>**Пәннің оқу бағдарламаларын әзірлеу мен бекіту**<br>**Элективтік пәндер каталогын әзірлеу мен бекіту** |

| | |
|---|---|
| **6** | **Студентке бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау** |
| **6.1** | **Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру** |
| **6.2** | **Білім алушының жеке оқу жоспарын әзірлеу, бекіту және оларды пәнге тіркеу** |
| **6.3** | **Аудиториялық дәрістерді ұйымдастыру** |
| **6.4** | **Білім алушылардың өзіндік жұмысын уйымдастыру** |
| **6.5** | **Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау** |
| **6.6** | **Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру** |

| | |
|---|---|
| **6.7** | **Қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру** |
| **6.8** | **Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау** |
| **6.9** | **Пандемия кезеңінде білім алушыларды оқыту** |
| **6.9.1** | **Жалпы ережелер** |
| **6.9.2** | **Оқыту форматтары** |
| **6.9.3** | **Білім беру қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар** |
| **6.9.4** | **Білім беру платформалары мен электронды ресурстарды қолдану** |
| **6.9.5** | **Сапаны қамтамасыз ету және бағалау жүйесі** |
| **6.9.6** | **Оқу процесінің қатысушылары** |

| | |
|---|---|
| **7** | **Білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау** |
| **7.1** | **Білім алушыларды оқуға қабылдау** |
| **7.2** | **Білім алушылардың үлгерімі** |
| **7.2.1** | **Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау және аралық аттестаттау** |
| **7.2.2** | **Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларының білімгерлерін академиялық аттестаттау** |
| **7.2.3** | **Жоғары білім беру бағдарламасын бітірушілерді  қорытынды аттестаттау** |
| **7.2.4** | **Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын бітіруші білімгерлерді қорытынды аттестаттау** |

| | |
|---|---|
| **7.2.5** | **Академиялық адалдықты қамтамасыз ету** |
| **7.2.6** | **Пандемия кезеңінде білім алушылардың үлгерімін аттестаттау** |
| **7.3** | **Білім беру құжаттарын нострификациялау** |
| **7.4** | **Формальды және формальды емес білім арқылы алған оқу нәтижелерін тану** |
| **7.5** | **Академиялық ұтқырлық** |
| **7.6** | **Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау** |
| **7.7** | **Білім алушыны оқудан шығару, академиялық демалыс беру** |
| **7.8** | **Оқу ақысын төлеу** |
| **7.9** | **Түлектердің жұмысқа орналасуы және оған мониторинг жүргізу** |

| | |
|---|---|
| **1.** | **Кадр саясаты және оқытушылар құрамы** |
| **8.1** | **Кадр саясаты** |
| **8.2** | **Профессор оқытушылар құрамын лауазымдарға конкурстық негізде тағайындау** |
| **8.3** | **Профессор оқытушылардің біліктілігін арттыру** |
| **8.4** | **Профессор оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары** |
| **8.5** | **Профессор оқытушылардың академиялық ұтқырлығы** |
| **8.6** | **Профессор-оқытушылар құрамының рейтингілік көрсеткіштерін анықтау** |
| **8.7** | **Сыбайлас жемқорлық қарсы іс-қимыл саясаты** |
| **8.8** | **Персоналды қолдау** |

| | |
|---|---|
| **9** | **Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі** |
| **9.1** | **Оқу ресурстары** |
| **9.2** | **Білім алушыларды ақпараттық және академиалық қолдау жүйесі** |
| **9.3** | **Білім алушыларды әлеуметтік қолдау және азаматтық-патриоттық тәрбие беру жүйесі** |
| **9.4** | **Инклюзивті білім беру жүйесі** |
| **9.5** | **Шетелдік білімгерлер мен талапкерлерді визалық қолдау** |
| **10** | **Ақпаратты басқару** |
| **11** | **Жұртшылыққа хабардар ету** |
| **12** | **Бағдарламалардың тұрақты мониторингі мен кезеңдік бағалануы** |
| **13** | **Сапаны кезеңдік сыртқы қамтамасыз ету** |

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!